

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 қарашадағы № 64 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 шілдедегі № 281 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 тамызда № 5093 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Қармақшы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 19 қарашадағы № 64 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4366 нөмірімен тіркелген, аудандық "Қармақшы таңы" газетінің 2013 жылғы 11 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешімінің қосымшасындағы 2 тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) арқылы жүзеге асырылады".

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық
мәслихатының кезекті
41-сессиясының төрағасы
_____ М. Ибраев

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы
_____ М. Наятұлы